


**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ



**ЕЛЕУОВ
Мадияр**



Id,

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ

ЕЛЕУОВ МАДИЯР

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

Жауапты редакторлар:

М. М. Бұркітбаев

А.Б. Қалыш

Қ. Т. Туенбаева

Құрастырушылар:

Д. А. Талеев

Н. Ю. Сойкина

Редакторлар:

А. Ж. Скатова

Ф. С. Аубакирова

Елеуов Мадияр: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст.:
Д. А. Талеев; жауапты ред.: М. М. Бұркітбаев, А. Б. Қалыш,
Қ. Т. Туенбаева; А. Ж. Скатова, Ф. С. Аубакирова – Алматы:
Қазақ университеті, 2016. – 151 бет.

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

БИБЛИОТЕКА АЛЬ-ФАРАБИ

ЕЛЕУОВ МАДИЯР

Биобиографический указатель

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

Ответственные редакторы:

М. М. Буркитбаев

А. Б. Қалыш

К. Т. Туенбаева

Составители:

Д. А. Талеев

Редакторы:

А. Ж. Скатова

Ф. С. Аубакирова

Елеуов Мадияр: биобиблиографический указатель / сост.:
Д. А. Талеев; отв. ред.: М. М. Буркитбаев, А. Б. Қалыш, К. Т.
Туенбаева; ред.: А. Ж. Скатова, Ф. С. Аубакирова. – Алматы:
Қазақ университеті, 2016. – 151 с.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Биобиблиография әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС-ның директоры Мадияр Елеуовқа арналған.

Биобиблиография ғалымның өмірбаяны мен ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметтерін сипаттайтын мәліметтерден, оның жарияланған еңбектерін қамтиды. Жарияланған еңбектер тізімі хронологиялық реттіліктегі, әр жыл ішінде алфавит бойынша орналасқан: алдымен қазақ, одан кейін орыс және басқа тілдерде жарияланған еңбектер беріледі.

Қарauғa мүмкіншілік болмаған мақалалар *de visu* жүлдэзышамен белгіленген.

Оқырмандардың пайдалануына ынғайлы болу үшін бірлескен авторлардың есім көрсеткіші қосымша беріліп отыр.

Биобиблиография ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға, PhD-докторанттарға, әсіресе. тарих, археология және этнологиямен айналысушы мамандар үшін пайдалы.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографии ученых Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Биобиблиография посвящена профессору кафедры археологии, этнологии и музеологии КазНУ им. аль-Фараби, доктору исторических наук, директору ТОО «Научно-исследовательского центра «Археология» Мадияру Елеуову.

Биобиблиография включает материалы, отражающие биографию, научную, педагогическую и общественную деятельность ученого, его публикации и литературу о нем. Биобиблиография содержит перечень методических и учебных пособий, научные труды, опубликованные в сборниках и периодической печати. Публикации расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года – по алфавиту. Сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском и других языках.

Материалы, не просмотренные *de visu*, отмечены звездочкой.

Для удобства пользования читателями в конце приведен именной указатель соавторов, в котором даются ссылки на порядковые номера работ.

Биобиблиография полезна ученым, преподавателям вузов, студентам, магистрантам, Ph.D-докторантам, особенно специалистам, интересующимся вопросами истории, археологии и этнологии.

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР М. Е ЕЛЕУОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТИНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Мадияр Елеуов 1946 жылы 3 мамырда Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы Еңбекші ауылында дүниеге келген.

1961 ж. – Шиелі ауданының Еңбекші ауылындағы 7 жылдық мектебін бітірген.

1965 ж. – Шиелідегі № 147 орта мектебін бітірген.

1965-1966 жж. – Шиелі ауданындағы Еңбекші ауылында колхозшы.

1966-1969 жж. – КСРО әскери-теңіз флотында әскери қызметте.

1970-1975 жж. – С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дің тарих факультетінің студенті.

1971-1974 жж. – Тарих факультеті жатақханасындағы студенттік кеңестің төрағасы.

1975-1976 жж. – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.

1976-1996 жж. – С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дің «Археология және этнография» кафедрасының лаборанты, аға инженері, асистенті, аға оқытушысы, доценті.

1989-1993 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің тарих факультетінің «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы.

1993-1996 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің тарих факультеті кәсіподақ ұйымының төрағасы.

1994-1996 жж. - әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің тарих факультет деканының сыртқы бөлім бойынша орынбасары.

1996-1997 жж. – Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы «Археология және этнография институты» директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары.

1996-1999 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің «Археология және этнология» кафедрасының докторанты.

1999-2001 жж. – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті «Археология және жалпы тарих» кафедрасының менгерушісі. Университет ғылыми кеңесінің мүшесі.

2000-2001 жж. – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінің мүшесі.

2001-2002 жж. – К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақтүрік университеті «Археология, этнология және музей ісі» кафедрасының менгерушісі. Университет Сенатының мүшесі.

2002-2008 жж. – К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақтүрік университеті жанындағы «Археология» ғылыми-зерттеу орталығының директоры. Университет Сенатының мүшесі, К. А. Ясауи атындағы ХҚТУ «К. А. Ясауи университетінің хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

2002-2010 жж. – ҚР БФМ Ш. Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты жанындағы Д.53.33.01 диссертациялық кеңестің мүшесі.

2006 жылдан бері – «Қазақтану» халықаралық ғылыми журналының редакциялық алқасының мүшесі.

2007 жылдан бері - «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС-ның директоры.

2008 жылдан бері – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Археология, этнология және музеология» кафедрасының профессоры.

2012 жылдан бері – «Отырар мұралары» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

2012-2014 жж. – Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институтының Ғылыми кеңесінің мүшесі.

2012 жылдан бері - Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институты жанындағы Далалық комиссияның мүшесі.

2013 жылдан бері – Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңесінің төң төрағасы.

2013 жылдан бері – «Отырар мұралары» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

2014 жылдан бері – Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңестің жанындағы Далалық комиссиясының тәрағасы.

2014 жылдан бері – Жамбыл облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-зерттеу кеңесінің мүшесі.

ОНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОКТОРА ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА М. ЕЛЕУОВА

Елеуов Мадияр родился 3 мая 1946 года в ауле Енбекши Шиелинского района Кзылординской области.

1961 г. – окончил 7-летнюю школу в ауле Енбекши Шиелинского района.

1965 г. – окончил среднюю школу № 147 поселка городского типа Шиели.

1965-1966 гг. – работа в колхозе аула Енбекши Шиелинского района.

1966-1969 гг. – служба в военно-морском флоте СССР.

1970-1975 гг. – студент исторического факультета КазГУ имени С. М. Кирова.

1971-1974 гг. – председатель студенческого совета общежития исторического факультета КазГУ им. С. М. Кирова.

1975-1976 гг. – старший научный сотрудник Кзылординского областного историко-краеведческого музея.

1976-1996 гг. – лаборант, старший инженер, ассистент, старший преподаватель, доцент кафедры археологии и этнографии КазГУ им. С. М. Кирова.

1989-1993 гг. – председатель общества «Қазак тілі» исторического факультета КазГУ им. аль-Фараби.

1993-1994 гг. – председатель профсоюза исторического факультета КазГУ им. аль-Фараби.

1994-1996 гг. – заместитель декана по заочному обучению исторического факультета КазГУ им. аль-Фараби.

1996-1997 гг. – заместитель директора по научной работе «Института археологии и этнографии» при Международном казахско-турецком университете им. Х. А. Ясави.

1996-1999 гг. – докторант кафедры археологии и этнологии.

1999-2001 гг. – заведующий кафедрой археологии и этнологии Евразийского государственного университета им. Л. Н. Гумилева. Член Ученого совета университета.

2000-2001 гг. – член Диссертационного совета при Евразийском государственном университете им. Л. Н. Гумилева.

2001-2002 гг. – заведующий кафедрой археологии, этнологии и музейного дела Международного казахско-турецкого университета им. Х. А. Ясави.

2002-2008 гг. – директор научно-исследовательского центра Международного казахско-турецкого университета им. Х. А. Ясави. Член университетского Сената. Член редакционной коллегии журнала «Вестник университета Х. А. Ясави. Серия общественных наук» Международного казахско-турецкого университета им. Х. А. Ясави.

2002-2010 гг. – член Диссертационного совета Д.53.33.01 МОН РК при Институте истории и этнологии имени Ч. Ч. Валиханова.

2006 г. – по настоящее время - член редакционной коллегии международного научного журнала «Қазактану».

2007 г. – по настоящее время - директор ТОО «Научно-исследовательского центра «Археология».

2008 г. – по настоящее время - профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии КазНУ им. аль-Фараби.

2012 г. – по настоящее время - член редакционной коллегии журнала «Отырар мұралары».

2012-2014 гг. - член Научного совета Института археологии им. А. Х. Маргулана.

2012 г. – по настоящее время - член Полевой комиссии при Институте археологии им. А. Х. Маргулана.

2013 г. – по настоящее время сопредседатель Совета по сохранению и использованию историко-культурных памятников Кзылординской области.

2014 г. – по настоящее время - председатель Полевой комиссии по сохранению и использованию историко-культурных памятников Кызылординской области.

2014 г. – член Совета по сохранению и использованию историко-культурных памятников Жамбылской области.

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР М. ЕЛЕУОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Ата-анасынан қазақтың ертегілерін, азыз-әңгімелерін тындалап, майшамның жарығымен батырлар жырын оқып өскен Мадияр Елеуовтің тарихшы болсам деген арманын қолдап, оған ақыл-кеңес берген Еңбекші жеті жылдық мектебінің директоры тарих және география пәндерінің мұғалімі Әлішерхан Молдахметов болды. 1961–1965 жылдарда Шиелі кентіндегі № 147 орта мектепте тарих пен қоғамтану пәндерінен сабак берген ұстаздары А. Жұмаділдаев пен М. Рахметовтің сабактарын қызыға тындалап болашақта тарихшы боламын деп шешкен. Мадияр Елеуовтің мектеп бітіргеннен кейінгі өмір жолы туып-өскен ауылында басталды. 1966–1969 жылдарда КСРО әскери-теңіз флотында әскери міндеттін атқарып келген ол 1970 жылы 24 жасында өзі армандалап жүрген С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түседі.

1971 жылы тарих факультеті үшін ерекше қуанышты жыл болды, себебі сол жылы күзде факультетте «Археология және этнография» кафедрасы ашылады. Жаңадан ашылған кафедраның оқу жоспарын жасау, оны білікті мамандармен қамтамасыз етуге кафедра менгерушісі Ленинград университетінің түлегі, тұңғыш кәсіби қазақ археологы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев білек сыбана кірісті. Ә. М. Оразбаевтың шақыруымен кафедрага Мәскеу, Ленинград университеттерінің білікті мамандары профессорлар М. П. Грязнов, С. С. Черников, Ю. А. Заднепровский және т. б. да аты мен атағы КСРО-та белгілі ғалымдар келіп дәріс оқыды. Сол жылдарда кафедрага белгілі қазақстандық археологтар мен этнографтар К. А. Ақышев, Х. А. Арғынбаев, Т. Н. Сенигова, Х. А. Алпысбаев, антрополог О. Смағұлов келіп студенттермен кездесулер өткізіп, лекция оқығаны болашақ археологтар мен этнографтар үшін елеулі оқиға болды. Студенттердің жазғы

демалыс кезінде әртүрлі экспедицияларға қатысуы үрдіске айналады.

Ә. М. Оразбаев бастаған іргелі жұмыстарды 1973–1988 жылдарда археология және этнография кафедрасының меңгерушісі болған тарих ғылымдарының докторы, профессор У. Х. Шәлекенов одан әрі жалғастырды. Ұзақ жылдар Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының құрамында болып далалық жұмыстарды жүргізуде мол тәжірибесі бар Уахит Хамзаұлы кафедраға білікті мамандарды шакырумен қатар талантты жастарды да тартты, сол жылдарда кафедраға А. С. Загородний, Ташкент университетінің тулегі Н. О. Алдабергенов келді. Профессор У. Х. Шәлекеновтың ұсынысы бойынша 1974 жылы Жамбыл облысының Шу ауданында орналасқан ортағасырлық Ақтөбе қаласы тарих факультетінің студенттері археологиялық-этнографиялық практика өтетін база болып ашылады.

1970–1975 жылдарда тарих факультетінде оқыған студенттердің қатарынан болашағынан үлкен үміт күттірғен археолог, этнографтар тобы іріктеліп шықты. Олар жылда көктемгі сессияны алдын ала тапсырып, жаз бойы өздері тандаған экспедициялардың құрамында зерттеу жұмыстарына қатысып, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізудің әдістерін үйреніп, тәжірибе жинақтаумен қатар, студенттердің республикалық, Орта Азия аймақтық және Бүкілодақтық конференцияларына қатысып, жүлделі орындар алып жүрді, олардың қатарында Ә. Төлеубаев, К. Нұржаубаев, Г. Көкебава, М. Бекмағамбетов, С. Әжіғали, Ф. Григорьев және М. Елеуов болды.

М. Елеуов 1973 және 1974 жылдарды ерекше ілтипатпен еске алады. 1973 жылы ол алғаш рет Түркістан археологиялық экспедициясының құрамында ортағасырлық Түркістан қаласында жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарына қатысады. Осы экспедиция туралы М. Елеуов былай дейді: «Экспедицияға келген Ахмет екеуімізді археолог Н. О. Алдабергенов күтіп алыш, экспедиция жетекшісі белгілі археолог, тарих

ғылымдарының кандидаты Таисия Николаевна Сенигованың Құшатадағы далалық қосына алып барды. Ертесіне Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Түркістанда жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарымен таныстық. Мені ежелгі Құлтөбе қаласындағы қазбаға жіберді. Т. Н. Сенигова мен жүргізіп жатқан қазбаға жиі келіп ақыл-кеңес беріп, жұмыс соңында жазған далалық құнделігімді тесеріп жүрді. Арада бірнеше күн өткенде экспедиция жетекшісі маған 1972 жылы басталған «Есім ханның кесенесі» деп аталатын қазбаны жалғастыруды тапсырды. Қазбаға қуана кірістім, аздап толқығаным да рас. Арада он шакты күн өткенде қазба жүргізіліп жатқан жерден жобасында төртбұрышты, қабырғалары қыш кесектен қаланған кесененің қалдығы ашылды. Тырнақ алды қазбамың Түркістанда басталып, онан Есім ханның кесенесі ашылғаны мен үшін мәңгілік есте қалған оқиға болды. Сол жылы қыркүйек айында менің тобым Қ. А. Ясауи кесенесінен шығыста орналасқан Тоған ауылынан Құмшықата кесенесінің орнын тауып, онда қазба жұмыстарын жүргізе бастадық» - деп, еске алады М. Елеуов.

Студент Мадияр Елеуов үшін 1974 жыл да ерекше болды. Сол жылы ҚазМУ-дің тарих факультетінің студенттері алғаш рет жазғы археологиялық-этнографиялық практиканы ортағасырлық Ақтөбе қаласында өткізді. Археология және этнография кафедрасының менгерушісі, университет археологиялық экспедициясының жетекшісі профессор У. Х. Шәлекенов оған сенім білдіріп ортағасырлық қаланың суландыру жүйесін ашуды тапсырады. М. Елеуов бастаған топ қаланың орталық бөлігінен онтүстік-батыста бірнеше жерден қазба жұмыстарын жүргізіп, қалаға су әкелетін су құбырларының желісін ашты. Сол жылы студенттердің республикалық және Орта Азия аймақтық конференцияларында жүлделі орын алған М. Елеуов Мәскеу қаласында өтетін студенттердің Бүкілодақтық конференциясына жолдама алды.

1975 жылы университетті үздік дипломға бітірген М. Елеуов үшін тарих факультетінде оқыған жылдар, Түркістан,

университет археологиялық экспедициясының жұмысына қатысып үйренгені, жинаған тәжірбесі үлкен өмір мектебі болды. М. Елеуов өзіне дәріс оқыған ұстаздары Ә. М. Оразбаев, У. Х. Шәлекенов, Х. А. Арғынбаев, Н. О. Алдабергеновті, Түркістан археологиялық экспедициясының жетекшісі Т. Н. Сенигованы зор ризашылықпен еске алып, өзінің шәкірттеріне оларды үлгі етіп келеді.

1975 жылы Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің жолдамасымен Қызылорда облыстық мәдениет басқармасына жұмысқа келген жас маман облыстық тарихи-өлкетану музейіне аға ғылыми қызметкер болып қабылданады. Музейде жұмыс атқарған кезінде ол өзін іскер маман ретінде көрсете білді.

1976 жылы ҚазМУ-ге жұмысқа шакырту алып ұшқан ұясы археология және этнография кафедрасына жұмысқа келген М. Елеуовті кафедра қуана қабылдалап, оның ғылыми-оқытушылық жұмысына сәттілік тілеп, қолдау көрсетті. 1976–1996 жылдар аралығында кафедрада лаборант, аға инженер, ассистент, аға оқытушы, доцент қызметінде болған жылдарда М. Елеуов өзін үлгілі ұстаз, білікті маман ретінде көрсетті.

1989 жылы Мадияр Елеуов университетте алғашқы болып тарих факультетінде «Қазақ тілі» қоғамын ұйымдастырады. «Қазақ тілі» қоғамының отырыстарында мемлекеттік тілдің мэртебесін көтеру, қазақ тілінде студенттерге арнап оқулық, оку құралдарын даярлау, шығару мәселесі көтеріледі. Сол жылы тарих факультетінің «Қазақ тілі» қоғамы университетке ғұламағалым, философ әл-Фарабидің атын беру жөнінде ұсыныс жасады. Арада бірнеше жыл өткенде университетке әл-Фарабидің аты берілгенде біз қатты қуандық, себебі осы мәселені алғаш көтерген тарих факультетінің «Қазақ тілі» қоғамы болатын. «Қазақ тілі» қоғамының жұмысына профессорлар Ә. С. Тәкенов, У. Х. Шәлекенов, С. Қ. Жақыпбеков, доценттер С. Т. Тұрғанбаев, С. М. Мәшімбаев және студенттер белсене араласты.

М. Елеуов 1975–1996 жылдар аралығында археология және этнография кафедрасы жанынан құрылған студенттердің ғылыми-зерттеу тобының ғылыми жетекшісі болған жылдарда студенттер жылма-жыл жаз айларында университет археологиялық экспедициясының барлау тобы құрамында далалық зерттеу жұмыстарына қатысып, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында көптеген ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді ашып, ондаған ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізеді. Осы зерттеу тобының құрамында болып, тәжірбие жинаған студенттердің бірқатары қазіргі күнде еліміздің университеттерінде, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарында жұмыс істеп жүр, олардың арасында ғылым кандидаттары мен докторлары бар.

1993–1995 жылдарда тарих факультеті деканының сырттай оқыту бөлімі жөніндегі орынбасары болған кезде М. Елеуов өзін оку ісінің білікті маманы, іскер ұйымдастыруши ретінде көрсетті. Сол жылдарда тарих факультетінің сырттай оқыту бөлімі жалпы көрсеткіштер бойынша университетте жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Тарих факультеті кәсіподак ұйымының төрағасы, университет кәсіподак комитетінің мүшесі болған жылдарда М. Елеуов факультет, университет көлемінде ұйымдастырылған жұмыстарға белсене араласып іскерлік танытты.

Мадияр Елеуов тарих факультетінің археология және этнология кафедрасында жұмыс атқарған 1976–1999 жылдарда жылма-жыл университет археологиялық экспедициясының құрамында далалық зерттеу жұмыстарына қатысып, Шу, Талас өнірлерінде, Қаратауда, Сырдария өзенінің орта ағысында ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласып, осы экспедицияның барлау тобына жетекші болды. Жүргізілген далалық зерттеулердің барысында Жамбыл облысының Қордай, Шу, Мерке, Т. Рысқұлов, Байзак, Талас, Сарысу, Оңтүстік Қазақстан облысының Созак, Түркістан және Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі аудандарында осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз болып келген, есепке алынбаған

ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді ашып, есепке алып ғылыми айналымға енгізді. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының тарихи-топографиялық құрылымын зерттеп, цитадельде, шахристанда стратиграфиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, бұл тарихи қаланың VI–XIII ғ. басы аралығында өмір сүргенін анықтады.

1982–1983 жылдарда М. Елеуов жетекшілік еткен университет археологиялық экспедициясының барлау тобы Шу мен Талас өзендерінің жоғарғы ағысында Қырғыз КСР жерінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп осы тарихи-географиялық аймакта орналасқан ұзын корғанды Бурана, Ақсу, Садыркорған қалаларында қазба жұмыстарын жүргізіп, басқа да бірқатар қалалардың тарихи-топографиясын зерттеді.

1983 жылы М. Елеуов М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің археология кафедрасы мен Археология институтының Ленинград біліміндегі білімін жетілдіру курсында болып, КСРО археологиясының атақты ғалымдары Д. А. Авдусин, Л. Р. Кызыласов, Г. А. Федоров-Давыдов, В. Янин, В. Л. Воронина, Ю. А. Заднепровскийдің дәрістерін тыңдалап, әлемдік археологияның басты-басты бағыттары жайлы өткізген сұхбаттарына қатысады. Мәскеу мен Ленинград қалаларында білімін жетілдіру курсында болған кез М. Елеуов үшін өте нәтижелі болды, ол архивтерде, кітапханалардың сирек қорыларында отырып, Қазақстаның ортағасырлық тарихының зерттелуіне қатысты құнды деректер алғып қайтты.

1996–1999 жылдарда әл-Фараби атын. ҚазМҰУ-дың археология және этнология кафедрасының докторантты болған М. Елеуов 1996 жылы Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанынан Археология және этнография институтын ашуға белсене араласып, 1996–1997 жылдарда осы институттың директоры З. Қ. Исабековтің ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Осы жылдарда институтқа, Қазақстан археологиясының білікті мамандары К. М. Байпақов, Ж. Құрманқұлов, З. Самашев,

антрополог О. Смағұлов, этнограф А. Б. Қалыш, белгілі қырғызстандық археолог Д. Ф. Винникті жұмысқа шақырды. М. Елеуовтің ұсынысы бойынша «Археология жаңалықтары» журналы шыға бастады. Институттың археологиялық экспедициясы жасақталып, Қ. А. Ясауи кесенесінде, ежелгі Құлтөбе қаласында стратиграфиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

1998 жылы Мадияр Елеуовтің «Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI–XIII ғ. басы)» атты монографиясы «Қазақ университеті» баспасынан жарықка шықты. Автордың 1974–1998 жылдар аралығында Шу мен Талас өңірлерінде жүргізілген археологиялық жұмыстарын қорытындылаған бұл еңбекте Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық кеуен жолдары, қалалар мен елді мекендер туралы деректер, олардың зерттелу тарихы және баламалануы мәселелері қарастырылған.

Шу, Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінде 1974–1999 жылдар аралығында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген М. Елеуов Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының жанындағы ғылыми кеңесте 07.00.06 –Археология мамандығы бойынша «Шу өңірінің ортағасырлық қалалық мәдениеті (VI–XIII ғ. басы)» тақырыбында 1991 жылы кандидаттық, «Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендері (VI–XIII ғ. басы)» тақырыбында 1999 жылы докторлық диссертация қорғаған.

1999 жылы докторантуралы бітірген Мадияр Елеуов Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Құсайыновтың шақыруы бойынша сол жылы тарих факультетінде ашылған «Археология және этнология» кафедрасына менгеруші болып ауысты. 24 жыл әл-Фараби университетінің археология және этнология кафедрасында жұмыс істеген М. Елеуов үшін жана кафедраның оқу жоспарын жасап, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытын анықтау қын

болған жоқ. Университет ректоры Амангелді Құсайыновтың қолдауымен кафедраға Қазақстан археологиясының негізін қалаушылардың бірі, тарих ғылымдарының докторы Кемал Ақышұлы Ақышев, тарих ғылымдарының кандидаттары Дәкей Әбдікерімұлы Талеев, Марал Ғалымжанқызы Хабдуллина және басқа да талантты жастар жұмысқа қабылданды. 2000 жылы тарих факультетінің студенттері алғаш рет жазғы археология-этнографиялық практиканы Нұра өзенінің жағасындағы Бытығай (Ботағай) елді мекенінде өткізді. Кафедраның жаңынан құрылған «Сарыарқа археологиялық экспедициясы» Ақмола облысының Атбасар, Жарқайын, Кима, Жақсы, Қорғалжын аудандарында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, әр түрлі тарихи кезеңдерден сақталған обаларды, қорымдарды, Кенарал төрткүлін, «Алып» жалы ескерткішін ашып, есепке алды. Осы экспедицияның барлау тобы Жамбыл облысының Байзак, Шу, Мойынқұм аудандарында зерттеу жүргізіп, тарихимәдени ескерткіштердің жинағын шығаруға материал жинауды жалғастырды.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінде жұмыс істеген жылдарда облыс орталығында орналасқан шағын жоғары оқу орнын Ұлттық университет деңгейіне дейін көтеру үшін талай жылдар бойы тынымсыз жұмыс жасаған, Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтың өмір мектебінде тәрбиеленіп, тәжірибе жинаған іскер азамат, ғалым, университет ректоры Амангелді Құсайыновты, кафедраның қалыптасуына үлес қосқан ұстазы Т. А. Мұқанованы, оқытушы-профессорлар О. Ш. Мухамеджанова, В. Н. Алексеенко, А. Н. Сакаловский әл-Фараби университетінің түлектері М. Жолбарысов, К. Жылқыбаев, Д. Өттөев, Б. Шыныбеков және шәкірті, тарих ғылымдарының кандидаты Дәкей Әбдікерімұлы Талеевті, факультет деканы Қ. Ахметовты зор ілтиpatpen еске ала отырып, осындай азаматтармен бірге жұмыс істеп, Еуразия университетіндегі «Археология және этнология» кафедрасының іргетасын қалағаныма, сол кафедраның бүгінгі күнде еліміздің жоғары оқу орындарындағы археолог және этнолог мамандарын

даярлайтын іргелі кафедра болғанына М. Елеуов шын жүректен қуанып, тілекtes болып жүр.

Еуразия университетінде кафедра менгерушісі болған жылдар профессор М. Елеуов үшін қызығы мен қуанышы көп, табысты болды, бірақ оны 1973 жылдан бері үздіксіз жалғасып келе жатқан Шу, Талас өнірлері мен Сырдарияның орта ағысындағы ежелгі қалаларды зерттеудің үзіліп қалғаны қатты толғандырып, мазасын ала берді. 2001 жылы К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры, академик М. Жұрыновтың шақыруы бойынша «Археология, этнология және музей ісі» кафедрасына менгеруші болып ауысады. Кафедраға білікті мамандарды тартып, оның жұмысына жаңа серпін берген М. Елеуов сол жылы ежелгі Құлтөбе қаласында студенттердің археологиялық практикасын өткізіп, ортағасырлық Қараашық қаласында қазба жұмыстарын бастайды.

2002–2008 жылдарда К. А. Ясауи университетінің жанындағы «Археология» ғылыми-зерттеу орталығы»-ның директоры болған кезде профессор М. Елеуов өзін іскер үйимдастыруышы, тарихи-мәдени ескерткіштердің нағыз жанашыры ретінде көрсетті. Орталыққа әл-Фараби мен К. А. Ясауи университеттерінің талантты тұлектері М. Бахтыбаев, С. Қалиев, Е. Ақымбек, Л. Малдыбекова, Р. Әлжанов және тағы басқа жас ғалымдарды жұмысқа қабылдап, Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтымен, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтаумен айналысатын мемлекеттік мекемелерімен байланыс орнатқан. М. Елеуов басқарған Тұран археологиялық экспедициясы Қаратай мен Сырдарияның орта ағысында кең көлемде зерттеу жұмыстарын бастады. 2002–2008 жылдарда Қаратай мен Сырдарияның орта ағысында жүргізілген барлаудың барысында бұрын есепке алынбаған, осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз болып келген 2000-нан астам археологиялық ескерткіштер ашылып, зерттелді, олардың қатарында әр түрлі тарихи кезеңдерден сақталған ескерткіштер,

150-ге жуық ортағасырлық қалалар мен елді мекендер бар. Қызылорда облысының Шиелі, Жаңақорған, Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан, Бәйдібек, Тулкібас, Созақ, Жамбыл облысының Жуалы, Жамбыл, Талас, Сарысу аудандарының Қаратай мен Сырдың орта ағысында орналасқан ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің саны анықталып, олардың тарихи-топографиялық құрылымдары қайта зерттеліп, бірқатарына толықтырулар жасалды. Ұлы Жібек жолының Шу, Талас өнірлері мен Қаратай арқылы Шашқа өткен тармағы, онымен байланысты ежелгі ортағасырлық Шу жолы, Хан жолы, Телкөл жолы, Ұлы жол (Көсегенің көк жолы) жолы, Сырдария өзенін жағалап жүрген жолдар және Қаратаудан асатын 20-ға жуық жолдардың бағыттары анықталды.

Осы жылдар аралығында тарихи-мәдени ескерткіштердің жинағын даярлау, оларды жарыққа шығаруда бірқатар жұмыстар атқарылды. М. Елеуов Жамбыл (2002 ж.), Қызылорда (2007, 2011 ж.) облыстарының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағын шығаруға белсене араласты, оның жетекшілігімен елімізде алғаш рет «Тұлкібас ауданының археологиялық ескерткіштері» (2004 ж.), «Қарақұр ескерткіштері» (2008 ж.) атты жеке ауданның және ауылдық округтің археологиялық ескерткіштері жинақ болып шықты. 2001–2008 жылдар аралығында Тұран археологиялық экспедициясы табиғи апattan бұзылып жатқан ортағасырлық Төрткүлтөбе, Жамбасарық, Бестам, Жартытөбе қалалары мен елді мекендерінде қазба жұмыстарын жүргізіп, осы ескерткіштердің пайда болған уақыты, даму кезеңдеріне қатысты тың деректер алышп, оларды ғылыми айналымға енгізді.

2008 жылдан әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры М. Елеуов бүгінгі күнде ұлағатты ұстаз, білікті маман. 2008–2015 жылдар аралығында ол ҚР БФМ гранттық «Сарыарқа мен Шу-Талас, Келес өнірлерінің ортағасырлық қалалары, мекендері және керуен жолдары» (2000 ж.), «Қаратаудың археологиялық ескерткіштері» (2006-2008),

«Ұлы Жібек жолының бойындағы Қарататудың ортағасырлық қалалары мен керуен жолдары» (2009– 2011), «Шу– Талас өнірлері мен Қарататудың солтүстік беткейіндегі ортағасырлық қалаларының, елді мекендерінің қорғаныс жүйесі» (2012–2014), «Шу-Талас өнірлерінің ортағасырлық ұзын қорғанды қалалары» (2015 ж. бастап) тақырыптары бойынша Шу, Талас өнірлерінде, Қарататуда, Сырдарияның орта ағысында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыруда.

Професор М. Елеуов жетекшілік ететін «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетімен, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облысының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, қалпына келтіру және пайдалану дирекциясымен», «Жетісай», Тараз гуманитарлық-инновациялық университеттерімен жасалған келісім шарттар бойынша табиғи апattан бұзылған, бұзылып жатқан ортағасырлық Сортобе, Бестам (Қызылорда облысы), Жартытөбе, Төртқұлтөбе, Үтіртөбе, (Оңтүстік Қазақстан облысы), Тұймекент, Тамды, Тараз, Тастұмсық қалалары мен елді мекендерінде қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Оның «Ескерусіз қалған ескерткіштер» (2007) деп аталағын еңбегінде Жамбыл, ОҚО, Қызылорда, облыстарындағы бұзылған және бұзылып жатқан апatty жағдайдағы ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің қазіргі экологиялық ахуалы туралы жазылған, ал «Ортағасырлық Ақтөбе қаласының бұзылу тарихы» (2015 ж.) деген жұмысында осы қаланың XIX ғасырдың соңынан 2015 жылға дейінгі бұзылу тарихы көрсетілген.

Қазіргі күнде М. Елеуовтің жетекшілігімен Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан, Бәйдібек, Созак аудандарының, Жамбыл облысының Жуалы, Шу аудандарының, Қызылорда облысының Шиелі, Жаңақорған аудандарының археологиялық ескерткіштерінің және бірнеше ауылдық округтердің жинақтары баспаға даярлануда.

Професор М. Елеуов 600-ден астам ғылыми мақалалардың, бірнеше монографиялық еңбектердің, жоғары оқу орындарының

студентеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Профессор Мадияр Елеуов балалық шақтың қызықты жылдарын бірге өткізген достары Д. Нұрбаев, Қ. Мәміреев, Шиелідегі 147 мектепте табысқан достары Қ. Сәдуақасов, Ш. Бурашев, курсастары Қ. Нұржаяубаев, М. Бекмағамбетов, Қ. Рахымжановты аса ілтипатпен еске алып, олармен бірге жүрген қызықты күндерді жиі айтып еске алып отырады. Курсастары тарих ғылымдарының докторы профессорлар Ә. Т. Төлеубаев, Ж. Қасымжанова, С. Әжіғали, Г. Көкебаева, М. Кәрімов, С. Смағұлов пен бірге оқып ғылымның асқар биігіне бірге шығып келе жатқанына куанып, оларға әр кез сәттілік тілеп отырады.

Мадияр Елеуовтің отбасы ұл-қыздарынан бірнеше немере сүйіп, тәрбиелеп отырған киелі қара шаңырақ. Оның отбасының барлық мүшелері жоғары оқу орындарын бітірген. өз мамандықтары бойынша елімізде енбек етіп жүрген білікті мамандар. Оның жары – Жанат Алтынбекқызы Қатаева Алматы шеттілдер институтын бітірген тәжірбиелі ұстаз, қазір зейнеткер. Мадияр Елеуұлының ағасы, үш қызы және үлкен ұлы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлектері. Ағасы Елеуов Мұқан – тарих факультетін, қыздары Құлбібі – филология факультетін, Ләйлә – халықаралық қатынастар факультетін, Шынар – экономика институтын бітірген. Үлкен ұлы Мұхит – халықаралық қатынастар факультетінде оқыған, АҚШ-та PhD докторантурасын бітірген, философия ғылымдарының докторы. Оның жары – Әлімбекова Аида Нұрланқызы ҚБТУ-дің экономика факультетін бітірген, сол университетте PhD докторант. Кіші қызы Dana – Каспий университетінің зан факультетін бітірген. Кіші ұлы Данияр – КИМЭП-тің журналистика факультетін бітірген.

2016 жылы мамыр айында өзінің 70 жылдық мерейтойын тойлап отырған ұлағатты ұстаз, елімізге және алыс-жақын елдерге белгілі ғалым Мадияр Елеуұлына зор денсаулық, ұзак ғұмыр, шығармашылық табыс, отбасына баянды бақыт. бақ-береке беруді алладан тілейміз!!!

КРАТКИЙ ОЧЕРК О НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОКТОРА ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА М. ЕЛЕУОВА

Казахские сказки и легенды, услышанные в детстве от родителей и прочитанные при свете лампы, героические эпосы, первые советы директора школы, преподователя русского языка и литературы 7-й школы Алишерхана Молдахметова побудили М. Елеуова избрать специальность историка. Во время учебы в Шиелинской средней школе № 1, под влиянием преподавателей истории и обществоведения А. Жумадильдаева и М. Рахметова он окончательно убедился в выборе профессии историка. После окончания средней школы, М. Елеуов начал свою трудовую деятельность преподавателем в родной школе. В 1966–1969 гг. он служил в военно-морском флоте. Вернувшись из армии в 1970 г., поступил на исторический факультет КазГУ им. С. М. Кирова.

В 1971 г. произошло знаменательное событие в жизни исторического факультета - открытие кафедры археологии и этнографии. Первым её заведующим стал выпускник Ленинградского Государственного университета, первый казахский профессиональный археолог – А. М. Оразбаев. По приглашению А. М. Оразбаева гранды советской археологии – профессора М. П. Грязнов, С. С. Черников, Ю. А. Заднепровский читали студентам курсы лекций по первобытной и средневековой археологии. Лекции, прочитанные ведущими казахстанскими археологами – К. А. Акишевым, Х. А. Аргынбаевым, Т. Н. Сениговой, Х. А. Алпысбаевым, антропологом О. И. Смагуловым в будущем повлияли на выбор студентами специализации по археологии и этнографии. Во время летних каникул учащиеся регулярно принимали участие в археолого-этнографических экспедициях.

В 1974–1988 гг. фундаментальные работы, начатые А. М. Оразбаевым, продолжил доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой археологии и этнографии У. Х.

Шалекенов, долгие годы работавший в составе Хорезмской комплексной археолого-этнографической экспедиции, возглавляемой С. П. Толстовым. Имея огромный опыт полевых археолого-этнографических исследований, Уахит Хамзинович в то же время привлекал молодых специалистов для работы на кафедре. В эти годы работать сюда пришли выпускник Ленинградского государственного университета А. С. Загородний и выпускник Ташкентского государственного университета Н. О. Алдабергенов. По предложению У. Х. Шалекенова в 1974 г. в районе средневекового городища Актобе, расположенного в Шуйском районе Жамбылской области, была создана археологическая база для проведения археолого-этнографической практики студентов.

В 1970–1975 гг. среди студентов выделились будущие археологи и этнографы, занимавшие призовые места на Среднеазиатских и Всесоюзных республиканских конференциях. За эти годы, во время участия в экспедициях, они полностью освоили методы археологических раскопок.

Профессор М. Елеуов с особым чувством вспоминает 1973–1974 гг. В 1973 г. он впервые участвует в раскопках средневекового городища Туркестан, проводимых Туркестанской археологической экспедицией. Вспоминая о работе этой экспедиции М. Елеуов говорит: «нас, двоих студентов, встретил наш преподаватель-археолог Н. Алдабергенов, и познакомил с начальником экспедиции – известным археологом, кандидат исторических наук Т. Н. Сениговой. На следующий день мы ознакомились с археологическими раскопками мавзолея Х. А. Ясави и средневекового городища Туркестан. Отправляя меня на раскопки городища Культобе, Т. Н. Сенигова каждый день проверяла ход раскопок и мои полевые дневники. Через несколько дней она отправила меня продолжить археологические раскопки в мавзолее Есим хана, которые были начаты в 1972 г. Первое время я, конечно, волновался ; через несколько дней обнаружил остатки четырехугольного

выложенного из обожженного кирпича мавзолея. На всю жизнь осталась память о моих первых самостоятельных раскопках, которые начались в Туркестане и открытии мавзолея Есим хана. В том же году, в сентябре, мой отряд обнаружил местоположение и раскопал мавзолей Кумчук-ата, расположенный в ауле Тоган, восточнее мавзолея Ходжа Ахмеда Ясауи».

Для М. Елеуова особенным стал 1974 год, когда студенты исторического факультета КазГУ им. С. М. Кирова проходили историко-этнографическую практику на средневековом городище Актобе. Начальник экспедиции У. Х. Шалекенов доверил им исследование ирригационных систем. Отряд М. Елеуова обнаружил в центральной части города водопроводную систему из керамических труб. Водопровод снабжал всю оросительную систему средневекового города. В этом году М. Елеуов стал участником Всесоюзной студенческой конференции.

В 1975 г. М. Елеуов закончил КазГУ им. С. М. Кирова. Он до сих пор вспоминает годы учебы и считает участие в археолого-этнографических экспедициях большим жизненным уроком. М. Елеуов всегда с благодарностью вспоминает своих учителей : А. М. Оразбаева, У. Х. Шалекенова, Х. А. Аргынбаева, Н. О. Алдабергенова и начальника Туркестанской археологической экспедиции Т. Н. Сениgovу, являвших собой пример честного служения науке.

В 1975 г. по направлению Министерства высшего и специального образования он направляется в Кызылординский историко-краеведческий музей. Работая старшим научным сотрудником музея, М. Елеуов показал себя опытным специалистом.

В 1976 г. М. Елеуова пригласили на кафедру археологии и этнографии в КазГУ им. С. М. Кирова. Преподовательско-профессорский состав кафедры с радостью принял его и пожелал ему удачного начала в научно-педагогической деятельности. С 1976-1996 гг. он являлся ассистентом, старшим

преподавателем, доцентом кафедры археологии и этнологии, продемонстрировав свои профессиональные навыки ученого и педагога.

В 1989 г. М. Елеуов впервые на историческом факультете организовал общество «Қазақ тілі». На заседаниях общества «Қазақ тілі» поднимался вопрос о статусе казахского языка, написании и издании учебников и учебных пособий на казахском языке. В этом же году общество «Қазақ тілі» внесло предложение о присвоении университету имя великого ученого – аль-Фараби. Когда через несколько лет вузу присвоили имя аль-Фараби, члены общества были рады, что инициатива исходила именно от них. В работе «Қазақ тілі» активно принимали участие профессора А. С. Такенов, У. Х. Шалекенов, С. К. Жакыпбеков, доценты С. Турганбаев, С. М. Машимбаев, аспиранты и студенты.

В 1975–1996 гг. М. Елеуов был руководителем научно-исследовательской группы студентов при кафедре археологии и этнографии. Группа ежегодно в летний период выезжала в составе разведовательной археологической экспедиции на полевую научно-исследовательскую работу в Жамбылскую, Южно-Казахстанскую, Кызылординскую области. По итогам археологической разведки были открыты ранее неизвестные средневековые города и поселения, на некоторых памятниках заложены шурфы и проведены раскопки. В настоящее время ряд студентов, участвовавших в работе научно-исследовательских групп и получивших прекрасные практические навыки стали кандидатами и докторами наук. Они успешно трудятся в университетах, научных центрах, научно-исследовательских институтах нашей страны.

В 1993–1995 гг. М. Елеуов занимал должность декана исторического факультета по заочной форме обучения и показал себя как квалифицированный организатор учебного процесса и хороший руководитель. Именно в эти годы заочное отделение исторического факультета по всем показателям добилось очень хороших результатов.

Когда М. Елеуов был председателем профсоюзной организации исторического факультета, он принимал активное участие во всех мероприятиях университета, демонстрируя деловой подход к решению важных задач.

В ходе полевых исследовательских работ в Кордайском, Чуйском, Меркенском, Т. Рыскуловском, Байзакском, Таласском и Сарыусукском районах Жамбылской области; в Сузакском, Туркестанском районах Южно-Казахстанской области; в Жанакорганском, Шиелинском районах Кызылординской области М. Елеуов открыл ранее неизвестные средневековые города и поселения, ввел их в научный оборот. Исследовав историко-топографическую структуру средневекового городища Актобе и произведя стратегические раскопки в цитадели и шахристане, он определил возраст данного исторического города – VI-XIII вв. Только в Чуйской долине М. Елеуов ввел в научный оборот более 35 ранее неизвестных поселений, обследовал 143 городища и поселения, составил археологическую карту региона. Он выделил хронологический период керамического комплекса, этапы развития цитадели городища Актобе: крепостных стен шахристана городищ Актобе, Бурана, Беловодское, Новый путь, внешнего вала шахристана Мерке, укреплений Георгиевка, Улken Актобе, Аспара 2, Мерке 1. Им были выделены основные этапы городской фортификации, укрепления сельских округов и городских районов Чуйской долины. Результаты раскопок городских укреплений и их анализ позволили выделить два периода в развитии фортификации: раннесредневековый (VI – первая половина VII вв.) и средневековый (вторая половина VII – начало XIII вв.). На северо-западном фасе цитадели города Актобе был выполнен разрез крепостной стены; установлен этап ее функционирования.

В течении многих лет М. Елеуов руководил археологическим отрядом свода памятников истории и культуры Казахстана в Жамбылской и Кызылординской областях. Это позволило ему еще в большей степени

сосредоточить внимание на археологических памятниках Чу-Таласской долины, нижнего и среднего течения Сырдарьи. Он лично принимал участие в изучении уже известных археологических объектов – городища Актобе, Тараза, Саурана, целого ряда поселений, некоторые из которых относятся к крупным городищам, одновременно он открывал новые поселения.

В 1982–1983 гг. разведочная группа археологической экспедиции университета под руководством М. Елеуова осуществляла исследования в верхнем течении рек Чу и Талас Киргизской ССР. Были проведены археологические раскопки историко-географического региона и составлена историческая топография средневековых городов Аксу и Садыр-курган.

В 1983 году М. Елеуов находился на повышении квалификации на кафедре археологии в Московском Государственном университете им. М. В. Ломоносова и Ленинградском филиале Института археологии, посещал лекции известных советских ученых-археологов: Д. А. Авдусина, Л. Р. Кызласова., Г. А. Федорова-Давыдова, В. Янина, В. Л. Ворониной, Ю. А. Заднепровского и др., участвовал в обсуждении проблемных вопросов мировой археологической науки.

В архивах и библиотеках крупных городов ему довелось работать с редкими фондами, выявляя ценные источники по проблеме исследования средневековой истории и археологии Казахстана.

